

Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 15 қаңтар N 281-ІІ.

Астанада 1999 жылғы 15 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы арасындағы Табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы
арасындағы табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты
қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден
жалтаруға жол бермеу туралы
Конвенция*

2002 жылғы 25 ақпаннан бастап күшіне енді - ҚР халықаралық
шарттары бюллетені, 2002 ж., N 5, 44-құжат

Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасы, екі Мемлекет

арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды
нығайту мен дамыту ұмтылысын басшылыққа ала отырып және табыс пен мүлікке
салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық
төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасау ниетімен
мына мәселелер туралы уағдаласты:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция салық алу тәсілдеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті өкімет органдарының атынан алатын табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қолданылады.

2. Табыс пен мүлікке салынатын салықтар деп жылжитын және жылжымайтын

мүлікті шеттетуден алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ мүлік құнының өсімінен алынатын табыстардан алынатын салықтарды қоса, табыстың жалпы сомасынан, мүліктің жалпы сомасынан, немесе табыстың не мүліктің жеке элементтерінен алынатын барлық салықтың түрлері есептеледі.

3. Атап айтқанда, Конвенция қолданылып жүрген салықтар мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) заңды және жеке тұлғалардың табысынан алынатын салық;

(ii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкінен алынатын салық;

(бұдан әрі - "Қазақстан салығы");

б) Молдова Республикасында:

(ii) табыс салығы;

(iii) мүлікке салынатын салық;

(бұдан әрі - "Молдова салығы").

4. Конвенция, сондай-ақ оған қол қойылған мерзімнен кейін алынып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген ұқсас немесе іс жүзіндегі осындай салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қолданылып жүрген салық заңдарындағы кез-келген елеулі өзгерістер туралы бір-біріне хабардар етіп отырады.

3-бап
Жалпы айқындамалар

1. Егер түпнұсқа текстен өзге мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаты үшін:

a) "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және өзінің егемендік құқықтары мен халықаралық шарттарға сәйкес заңдарын жүзеге асыратын және оның салық заңдары қолданылатын аймақты қамтиды;

b) "Молдова" термині Молдова Республикасын білдіреді және жағырапиялық мағынасында қолданғанда, Молдова Республикасы халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес табиғи ресурстарды зерттеу және игеру жөніндегі егемендік құқықтарын жүзеге асыратын ішкі сулар мен әуе кеңістігін қоса, Молдованың аумағын білдіреді;

c) "тұлға" термині жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, компанияны немесе тұлғалардың кез-келген басқа да бірлестігін білдіреді;

d) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік бірлестікті немесе кез-келген ұйымды білдіреді;

e) "бір Уағдаласушы Мемлекет" және "бас Уағдаласушы Мемлекет" терминдері түпнұсқа текстіне қарай Қазақстанды немесе Молдованы білдіреді;

f) "бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

g) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе көлігі тек қана басқа Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында пайдаланылатын жағдайлардан басқа, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз немесе әуе көлігімен жүзеге асырылатын кез-келген тасымалды білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині мыналарды білдіреді:

(i) бір Уағдаласушы Мемлекетте азаматтығы бар кез-келген тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекет өздерінің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз мәртебесін алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе ассоциацияны;

i) "құзыретті орган" термині мыналарды білдіреді:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрі немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Молдовада: Қаржы министрі немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияны қолданғанда, онда айқындалмаған кез-келген термині, егер контекстен өзгеше мағына тумаса, осы Конвенция қолданылатын салықтар жөнінде осы Мемлекеттің заңдары бойынша ол қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша өзінің тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орыны, құрылу орыны немесе осындай сипаттағы кез-келген басқа өлшем негізінде салық салынуға тиіс кез-келген тұлғаны білдіреді.

Термин, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті, оның әкімшілік бөлімшесін, жергілікті өкімет орыны қамтиды. Ол, сондай-ақ кез-келген зейнетақы қорын немесе қызметкерлерге берілетін жәрдемақылардың басқа қорын, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған және табысы әдетте осы мемлекетте салық салудан босатылған кез-келген қайырымдылық ұйымын қамтиды.

Алайда, бұл термин осы Мемлекетте салық салуға жататын кез-келген тұлғаға, ол тұлға табысын осы Мемлекеттегі көздерден алатын болғандықтан ғана немесе онда орналасқан мүлік бойынша қамтымайды.

2. Осы баптың бірінші тармағының ережелері негізінде жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылатын жағдайда оның мәртебесі былай анықталады:

а) ол өзінің меншігіне жататын тұрақты баспанасы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол барынша тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінде де өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол ұлттық тұлғасы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер резиденттің мәртебесі а)- және с)-тармақшаларына сәйкес

айқындалмаған болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелерінің себебінен жеке адамнан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол өзінің нақты басшылығы орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

5-бап

Тұрақты мекеме (өкілдік)

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме (өкілеттік)" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. Атап айтқанда, "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтиды:

- a) басқару орнын;
- b) бөлімшені;
- c) кеңсені;
- d) фабриканы;
- e) шеберхананы; және

f) шахтаны, рудник, мұнай немесе газ скважиналарын, кеніш немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын.

3. Сондай-ақ "тұрақты мекеме" терминіне кіретіндер:

a) егер мұндай алаң немесе объекті 6 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған немесе мұндай қызмет 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса ғана, құрылыс алаңы немесе салынып жатқан, монтаждау не құрастыру объекті не осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер; және

b) егер мұндай пайдалану 6 айдан астам жүргізілсе немесе мұндай қызмет 6 айдан астам уақыт бойы көрсетілсе, осы жұмыстардың орындалуын бақылау үшін пайдаланылған қондырғыны не жабдықты, немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылған бұрғылау қондырғыларын не кемеңі; және

c) резидент осындай мақсаттар үшін жалдаған, қызметшілер немесе басқа тұлғалар арқылы резиденттердің кеңес беру қызметтерін қоса, бірақ егер мұндай сипаттағы әрекет елдің шегінде 6 айдан астам жалғасса, (осындай немесе соған байланысты жоба үшін) қызмет көрсетуді.

4. Осы баптың алдындағы ережелерге қарамастан, "тұрақты мекеме (өкілдік)" термині:

a) құрылыстарды, кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе

жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек өзге кәсіпорынның ұқсату мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орынын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орыны тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа қызметті жүзеге асыру үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орынын осындай амал нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орынын а)

тармақшасынан е) тармақшасы қоса көрсетілген қызмет түрлерінің кез-келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтиды деп қаралмайды.

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез-келген қызмет жөнінде осы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар кәсіпорын ретінде қарастырылады, бірақ осындай тұлғаның 4-тармақта көрсетілген тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге (өкілдігі) айналдырмайтын қызметпен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент арқылы сол басқа мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, егер мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызмет шеңберлерінде әрекет еткен жағдайда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынға басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі (өкілдігі) бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (не тұрақты мекеме (өкілдік) арқылы не басқа жолмен) компанияның бақылауы немесе бақылап отыруы фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екінші компанияның тұрақты мекемесіне (өкілдігіне) айналдыра алмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүлікпен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табысқа (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табысқа) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншіктілігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктың және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды және жоғарыда аталғандарды игеру құқығын қамтиды; теңіз, әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез-келген басқа жолмен пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса, осындай кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғанындай, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, онда оның пайдасына басқа Мемлекетте салық салынуы, бірақ мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге (өкілдігіне);

б) тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы сатылатын тауарлармен немесе бұйымдармен бірдей немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы басқа Мемлекетте сатуға; немесе

с) өзінің сипаты жөнінен осындай тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметпен сәйкес келетін осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысатын болса, онда осы тұрақты мекеме (өкілдігі) нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысқан, өзі тұрақты мекемесі (өкілдігі) болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде төмендегі шығындар тұрақты мекеме (өкілдік) орналасқан Мемлекеттік немесе одан тысқары жерде

жұмсалған-жұмсалмағанына қарамастан басқару және жалпы әкімшілік шығындарын қосқанда тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекеменің (өкілдігі) бас офисіне немесе резиденттің басқа офистерінің кез-келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, сыйақылар немесе басқа да ұқсас төлемдер төлеу арқылы немесе нақты қызметтер көрсеткені үшін болса да менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу арқылы немесе тұрақты мекемеге (өкілдігіне) қысқартылған сомаға проценттер төлеу арқылы төленген сомаларды тұрақты мекемеге шегеріп тастауға болмайды.

4. Тұрақты мекеменің (өкілдігінің) кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуы нәтижесінде ғана осы тұрақты мекемеге (өкілдігіне) әлдеқандай пайда есептелмейді.

5. Егер, пайда осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылатын

табыс түрлерін қамтитын болса онда ол баптардың ережелері осы баптың ережелеріне қатысты болмайды.

8-бап

Халықаралық көлік

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алған табыстарына тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері, сондай-ақ пұлға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудағы пайдаға қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мына жағдайларда:

a) Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

b) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын және басқа

Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорынын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және әрбір жағдайда кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорынына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы жағдайлардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауға тиіс. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуға тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация береді.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда осындай дивидендтерге, сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса онда алынатын салық:

a) егер нақты иесі дивидендтер төлейтін компанияның 25 процентін иемденсе алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайды;

b) қалған барлық жағдайда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспауға тиіс.

Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғамайды.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысу құқын қосқанда, сондай-ақ пайданы бөлетін компанияның резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салық реттеуіне жататын компанияға қатысудың басқа да корпоративтік құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге (өкілдігіне) немесе тұрақты базаға қатысты болса, онда 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы басқа Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге (өкілдігіне) немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды, егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осындай басқа Мемлекетте туындайтын пайдадан немесе табыстан толық не болмаса ішінара тұрған күннің өзінде де компанияның бөлінбеген пайдасына салық сала алмайды.

6. Осы Конвенция ережелерінің ешқайсысы да Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне (өкілдігіне) жататын компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасына есептелген салыққа, егер осылай есептелген кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай табыс сомасының 5 процентінен аспаса қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме (өкілдігі) орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте мекемесі өндіріп алынатын осы тармақта айтылған қосымша салықтан өзгеше барлық салықтардың сомаларынан шегерілгеннен кейін айқындалады.

11-бап Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы проценттердің нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылай алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осындай шектеулерді өзара келісім бойынша белгілейді.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан бір Уағдаласушы Мемлекетте туындаған проценттер осы Мемлекетте салық салудан босатылады, егер олар Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне, оның әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына немесе осы Мемлекеттің Ұлттық банкісіне немесе осы сияқты кез-келген басқа ұйымдарына алынып және соларға жататын болса соңынан Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары арасында келісімге жетуі мүмкін.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілдікпен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыш талаптарынан алынатын табысты, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табысты және облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар яки борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Төлемдердің уақытында жасалмағаны үшін салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы осында кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін борыштық талап осындай тұрақты мекемеге проценттерге қатысты борыш міндеттемесі нақтылы осындай тұрақты мекемемен (өкілдігімен) немесе тұрақты базамен нақты байланысы болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер осы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте проценттер төленетін қарыз пайда болған тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттердің осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме (өкілдігі) немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуы себепті төленетін проценттердің төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы тиіс.

8. Егер өзіне қатысты проценттер төленетін кез-келген борыш талаптарының жасалуымен немесе жүктелуімен байланысты кез кез-келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды осылай жасау болмаса жүктеу арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

Роялти

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ роялти алушы және оның нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылай алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде әдебиет, өнер және ғылым шығармаларына, кинематографиялық фильмдерге, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға болмаса процеске кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез-келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай мекемемен (өкілдігі) немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің өзі, оның әкімшілік бөлімшесі, жергілікті өкімет органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти осы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына қатысты тұрақты мекемесі (өкілдігі) немесе тұрақты базасы болса және осындай роялти осы тұрақты мекемемен (өкілдігі) немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме (өкілдігі) немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп

есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болуы себепті төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысы бар кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, бұл баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен түсетін табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта айтылған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің шеттетуден алған табыстары:

а) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын тікелей немесе жанама құнды немесе оның үлкен бөлігі қор биржасында танылған акциялардан өзге акциялар, немесе

б) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе (а) тармақшасында айтылған акциялардан, негізінен активтері траста немесе әріптестік үлесті тұратын үлестері,

осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеме (өкілдігі) мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базасына қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (өкілдігін) (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорнымен қоса) болмаса осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерінен немесе осындай әуе немесе теңіз кемелерін пайдалануға байланысты жылжитын мүліктен Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған пайдаға салық тек қана осы Уағдаласушы Мемлекетте салынады.

5. Өткен тармақтарда айтылған мүлік түрлерін өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салуға жатады.

14-бап

Тәуелсіз қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да ұқсас қызметтер көрсетуден алған табысқа, егер ол осындай қызметтерді жүзеге асыру үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүйелі түрде ие болып отырған немесе ие болған тұрақты базаға қатысты болса онда тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер онда осындай тұрақты база болса табыстарға басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ, тек тұрақты базаға жататын бөлігі ғана.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, көркемдік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз жеке қызметін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16, 18, 19-баптың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған жалақы және осы сияқты басқа да ырыздыққа егер тек жалданып жұмыс істеу басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша жүзеге асырылса, онда алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесіне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте жалданып жұмыс істеуіне байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып алған сыйақыға салық тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады, егер:

а) алушы кез-келген дәйекті он екі айлық кезеңнің ішінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы жүрсе басқа Мемлекетте жүрсе; және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақы жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесінде (өкілдігінде) немесе тұрақты базасында төленбейді.

3. Осы баптың бұның алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесі бортында орындаған жалдаушы

қызметіне қатысты алынған сыйақы теңіз немесе әуе кемесін пайдаланатын резидент болып табылатын кәсіпорынға Уағдаласушы Мемлекеттің салығы салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің мүшесі немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын осындай компания органы ретінде алған директорлардың сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. 14-баптың және 15-баптың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде басқа Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерлері немесе спортшылар өзінің осы сипатында жүзеге асырған жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерлерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа, 7, 14-баптың және 15-баптың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерлерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

Зейнетақылар және басқа төлемдер

1. 19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жұмысына қатысты төленетін зейнетақыларға және басқа да осындай сыйақыларға және осы резидентке төленетін кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині ақшалай немесе ақша құнымен төлем жасау міндеттемесі болғанда бүкіл өмір бойы немесе белгілі бір не белгіленетін уақыт кезеңінде жеке тұлғаға белгіленген уақытта жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекет немесе оның бөлімшесі болмаса жергілікті өкімет органдары осы Мемлекетте немесе оның бөлімшесіне болмаса жергілікті өкімет органына көрсетілетін қызметіне қатысты төлейтін зейнетақыдан басқа сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда осындай сыйақы, жалақы және басқа сыйақыларға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға;

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы мемлекеттің резиденті болмаған жағдайда салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы төлейтін немесе олар құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы үшін көрсеткен қызметі үшін төленетін кез-келген зейнетақыға тек осы мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, осындай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса салық салынады.

3. Осы 15, 16 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті өкімет органдарының кәсіпкерлік қызметпен айналысуына байланысты жүзеге асырылатын қызметке қатысты төленетін ырыздықтарға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға және зейнетақыларға қолданылады.

20-бап Студенттер

Басқа Уағдаласушы Мемлекетке барардың нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек өзінің оқуы немесе білім алуы және мақсатында тұруға, оқуға және білім алуға арналған төлемдерге студенттер мен стажерлерге осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды, тек осындай төлемдер осы Мемлекеттен сырт көздеріне туындайды.

21-бап Басқа да табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және осы Конвенцияның бұның алдындағы баптарында қарастырылмайтын табыс түрлеріне тек осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын төмендегі табыстарды алушы басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме (өкілдігі) арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және табыстар төленіп отырған құқық немесе мүлік осындай тұрақты мекемемен (өкілдігімен) немесе тұрақты базамен байланысты болса, 6-баптың 2-тармағында айқындалғандай, жылжымайтын мүліктен алынған табыстардан өзге табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай кезде жағдайға байланысты 7-бап немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

22-бап

Мүлік

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне жататын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан 6-бапта айтылған жылжымайтын мүлік ретінде ұсынылған мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің (өкілдігі) кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарамағында ұстап отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік ретінде ұсынылған мүлікке осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің меншігі болып табылатын теңіз және әуе кемелерімен жеткізілген мүлік халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз және әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған мүлікке тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті меншіктің барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе мүлік иеленсе бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекет:

i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленетін табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

(ii) осы резиденттің мүлігіне салынған салықтан осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте төленген мүлікке салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға

мүмкіндік береді.

Осылай шегерулер кез келген жағдайда осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа немесе мүлікке қатысты шегеру берілгенге дейін есептелген табыс салығының немесе мүлікке салынатын салықтың бөлігінен аспауы керек.

2. Егер осы Конвенцияның қайсы бір ережесіне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің алатын табысы және мүлігі осы Мемлекетте салықтан босатылған, осы Мемлекет соған қарамастан осы резиденттің табысы мен мүлігінің қалған бөлігіне есептелген сомасы кезінде табыс немесе мүлік салығынан босатылғанын назарға алады.

24-бап Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалық салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды. Бұл ереже, сондай-ақ 1-баптың ережелеріне қарамастан біреу немесе екі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар осындай жағдайлар кезінде осы Мемлекеттің ұлттық тұлғаларына қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін салық салу тәртіптеріне және соған байланысты талаптарға қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын қандай да бір салық салу тәртібі немесе соған байланысты қандай да бір талапқа Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында да ұшырамауы тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорынына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже бір Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне оларды салық төлеуден және азаматтық мәртебе немесе өзінің төл резидентіне беретін отбасы міндеттемелері негізінде салық салу бойынша қандай да бір жеңілдіктер, шегерімдер мен кемітіп көрсетулер берілетіндей болып пайымдалмауы тиіс.

4. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының, 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның пайдасын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп

тасталуы тиіс. Осы секілді Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне кез келген қарызы осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентінің қарызы қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуға тиіс.

5. Капитал басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей не жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан болмаса осымен байланысты кез-келген міндеттемелерден өзгеше болмаса анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын салық салу міндеттеріне немесе соған байланысты қандай да бір міндеттерге бірінші аталған Мемлекетте қолданылмауы тиіс.

25-бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көздеген қорғану құралдарына қарамастан өзінің ісін өзі резидент болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның бастан кешірген жағдайы 24-баптың 1-тармағына қатысты болса, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауы үшін бере алады. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер жайлы алғашқы хабар берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол шағымды орынды деп есептесе және өзі қанағаттандырыллық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Кез-келген қол жеткізілген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да бір уақытша шектеулерге қарамастан орындалуға тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді пайдалану немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мұның алдындағы тармақтарды келісіп алуға қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер Конвенцияға қол жеткізу үшін ауызша пікір алысуды ұйымдастыру қажет болса, осындай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері арасында өткізілуі мүмкін.

26-бап

Ақпарат алысу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу әзірше Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, күшпен жинап алумен немесе тиісті сот қудалаумен немесе қараумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік

практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайдаланылмауға тиіс.

27-бап

Дипломатиялық миссиялар мен консулдық постылардың мүшелері

Осы Конвенцияның ешқандай ережесі дипломатиялық миссия мен консулдық постылардың мүшелерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары берген немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияның күшіне ене бастауы үшін ішкі мемлекеттік рәсімдеулердің аяқталғаны жайында дипломатикалық арна бойынша екіншісін хабардар етеді.

2. Осы Конвенция өз күшіне осы баптың 1-тармақшасында көрсетілген хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап енеді және оның ережелері қолданылатын болады:

а) осы Конвенция өз күшіне енген кезде алдағы жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан және бірінші қаңтардан соң бастап төленетін табыстардан, көздерден алынатын салықтарға қатысты;

б) Осы Конвенция өз күшіне енгеннен кейін алдағы жылдан күнтізбелік жылдың бірінші немесе бірінші қаңтарынан басталатын әрбір салық жылында мүлікке және табыстарға алынатын басқа салықтарға қатысты.

29-бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енгеннен кейін 5 жыл өткен соң кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде 6 ай бұрын Конвенцияның қолданылу күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлай отырып Конвенцияның күшін тоқтата алады. Мұндай жағдайда Конвенция өзінің әрекетін тоқтатады:

а) денонсация туралы хабарлама берілген алдағы жылдың күнтізбелік

жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші қаңтардан төленетін табыстардан, көздерден алынған салықтарға қатысты;

б) денонсация туралы хабарлама берілген алдағы жылдың күнтізбелік жылдың бірінші немесе бірінші қаңтардан кейін басталатын әрбір салық жылында алынатын табысқа және мүлікке алынатын басқа салық түрлеріне қатысты.

Өкілдік берген төменде қол қоюшы өкілдер осыны растап, Конвенцияға қол қойды.

Астана қаласында 1999 жылғы 15 шілдеде қазақ, молдован және орыс

тілдерінде екі дана етіп жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.
Мәтіндерде алшақтық пайда болған жағдайда орысша мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасы үшін Молдова Республикасы үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК